

**Қамқоршылық кеңесінің
№2 ХАТТАМАСЫ**

2024 жыл «13» қыркүйек

Кеңестің толық атауы: Қарағанды облысы білім басқармасының Теміртау қаласы білім бөлімінің «Ғабиден Мұстафин атындағы жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің **Қамқоршылық кеңесі**

Отырыстың өткізілетін жері: «Ғ.Мұстафин атындағы жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

**Қамқоршылық кеңесіне
қатысқандар(ҚК мүшелері): 9
Қатыспағаны: 0**

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Қамқоршылық кеңесінің 2024-2025 оқу жылына арналған жоспарын бекіту, кеңес құрамына өзгерістер енгізу туралы
2. Жалпыға міндетті оқу қорынан тамақтанатын аз қамтылған санатындағы отбасы балаларының тамақтану жағдайы және мектеп асханасындағы ұсынылатын тағам сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия жұмысының қорытындысы.

ТЫҢДАЛДЫ:

Қамқоршылық кеңесінің 2024-2025 оқу жылына арналған жоспарын бекіту, кеңес құрамына өзгерістер енгізу туралы

СӨЙЛЕДІ:

Шойынбекова Р.Б-Қамқоршылық кеңесінің төрайымы Қамқоршылық кеңесінің 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспарымен таныстырып бекітуге ұсынды. Кеңес мүшелерінен ешкім қарсы болған жоқ. Кеңес құрамындағы кейбір адамдардың қайтыс болуылары себепті (Кунтуған Кульшан, Игиликов Токтарғали Меирбекович) және басқа жжаққа қоныс аударулары себепті кеңес құрамын қайта сайлау керектігін ескертіп ұсыныс білдірді. Тамыз айында жасалынған хабарландыру негізінде Кеңес құрамы толықтырылды.

ШЕШІМ:

1. Қамқоршылық құрамына өзгертулер енгізіліп, толықтырылсын (1 қосымша тізім)

ТЫҢДАЛДЫ:

Екінші сұрақ бойынша Шойынбекова Риза Балтабаевна – қамқоршылық кеңесінің төрағасы.

Биылғы оқу жылында жалпы білім алушылар саны- 737 оқушы. Бір мезгіл ыстық тамақпен 1-4 сыныптарда 280 оқушы, аз қамтылған санатындағы отбасының 46 баласы бір мезгіл ыстық тамақпен қамтылып отыр. Асхананың кезекшілік кестесі құрылып, белгіленген уақыт бойынша білім алушылар уақытында екінші және үшінші сабақтан кейін 10 минуттық үзілісте тамақтанады. Тамақтану блогының санитарлық-техникалық жағдайы санитарлық талаптарды қанағаттандырады.

Тағамдарды сақтау да санитарлық нормаларға сәйкес жүзеге асырылады. Қауіпсіздік техникасы ережелері сақталады, жұмыскерлермен тұрақты түрде ҚТ бойынша нұсқамалар жүргізіледі. Біздің асханада тағамдарды дұрыс сақтауға баса назар аударылады. Мектепте әр түрлі тағам өнімдерін дұрыс сақтауға арналған тоңазытқыш камералар бар, мұнда әр тағам түрі жеке сақталады. Олардың бар болуы тағам өнімдерінің сапасын тікелей дайындағанға дейін сақтауға жағдай жасайды.

Тамақтану блогы жұмыскерлерінің арнайы жұмыс киімдерін киюі міндетті болып табылады. Бұл қажетті санитарлық гигиеналық нормаларды сақтауға мүмкіндік береді.

ШЕШІМ:

Мектеп асханасындағы ұсынылатын тағам сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия жұмысы алдағы уақытта жүйелі жалғастырылсын.

Төрайым
Хатшы:

Шойынбекова Р.Б
Рахыметжан А